

ІЛЕ-БАЛҚАШ БАССЕЙНІНДЕ СУЛАНДЫРУДЫ ДАМЫТУ ЖӘНЕ СУ ТҮТЫНУЫН ЕСЕПТЕУ

Б. С. Мамадияров, А. Т. Базарбаев

Қазақ ұлттық аграрлық университеті. Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: Иле-Балқаш бассейні, суландырылатын егін шаруашылығы, су тапшылығы, өзен алабы.

Аннотация. Суландырылатын егін шаруашылығы зерттеліп отырған аумакта мындаған жылдар бар болған, кей кездері құлдырап, қайтадан қалпына келіп отырған. Ол негізгі су түтінушы болып табылады. Откен ғасырдың басында Иле өзенінің су жинау бассейнінің шегінде 400 мың десятинаға жуық жер суландырылған. Мұнда жер-су және қолайлы климат жағдайлары суландырылатын егін шаруашылығын дамытуға және ауылшаруашылық дақылдарын (күріш, темекі, жемістер, жузім) өсіруге, дәндік жүгерінің, қызылашының, мал азықтық шөптердің жоғары өнімдерін алуға мүмкіндік береді.

Кіріспе. Иле-Балқаш бассейні Тәніртау мұздықтарынан бастап және Балқаш маңының ыстық шөлдерімен аяқтай отырып, салыстырмалы түрде шағын аумакта 5 климат белдігі орналасқан табиғи-техникалық кешен болып келеді. Мұнда заттар айналымының қарқынды процестері жүріп жатады: бассейннің таулы облысында ылғалдың конденсациялануы, оның мұздықтарда жинақталуы және көптеген өзендердің жерасты және жер бетіндегі ағысының қалыптасуы жүреді; Балқаш көлінің ойпатында судың булануы, ластанулардың тұздардың және бассейннің бүкіл ауданынан сумен шайылатын қоқыс, тасындылардың шоғырлануы жүріп жатады.

Иле-Балқаш бассейні Республикада суландырылатын жерлердің ең үлкен – 648,5 мың га ауданына ие, оның ішінде 447,5 мың га егістік, 25,9 мың га – көпжылдық екпе ағаштар, 103,7 мың га – тыңайған жерлер, 11,9 мың га – шабындықтар, 41,4 мың га – жайылымдар. Коллекторлық-дренаж желілерімен (КДЖ) 51,3 мың га қамтамасыз етілген. КДЖ ұзындығы 353 км құрайды, ал шаруашылықаралық арналардың ұзындығы – 2122 км, олардың 195 км қапталған, қалған 1927 км – жер арналар. Бассейн бойынша жүйенің ПӘК 0,59 құрайды. Бұл берілестін судың 41 %-ы, суландыру аландарына жетпей, негізінен фильтрацияға жоғалтылатындығын білдіреді. Осыған орай, дренаж жүйесі болмаған кезде, қоршаған ортаға экологиялық күш түсіндірілген. Ауданынан ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігінің төмендеуіне және суландырылатын жерлердің ауылшаруашылық айналымынан шығарылуына алып келетін, топырақтардың екінші қайтара тұздануы, су басуы және батпақтануы жүреді. Осы себеппен 2001 ж. аймақта суландырылатын егістік аландардың шамамен 65 мың га пайдаланылмады. Бартогай, Құрті су қоймасының плотиналары, Тасқұтан су көтергіш плотинасы, Тасмұрын және Ақдала магистралдық арналары, Талғар, Қаскелен және т.б. гидротораптары секілді ірілерін қоса отырып, бассейннің барлық дерлік су шаруашылығы нысандарының техникалық жағдайы нашарлап кетті. КДЖ де нашар күйде тұр [1].

Шаруашылық ішіндегі суландыру жерлісінің ұзындығы 4955 км, оның ішінде арналардың 4800 км жермен төсөлген (97 %), науа жерлісі – 147 км, құбырлар – 8 км. Соңғы жылдары, ірі шаруашылықтардың ұсақ шаруашылықтарға бытырап кетуіне байланысты, шаруашылық ішіндегі суландыру желілерінің жағдайы күрт төмендеп кетті, өйткені олар иесіз болып шықты. Балқаш көлінің бассейнінде суландырылатын жерлердің орналастырылуы суретте көрсетілген.

Зерттеу материалдары мен әдістемесі. Иле-Балқаш аймағы бірынғай су бассейні ретінде Қазақстан және Қытай Халық Республикасы аумағында орналасқан. Иле өзенінің жоғарғы ағысында, ҚХР ШҰАА аумағында ирригация және энергетика қажеттіліктері үшін ірі гидротехникалық құрылыштар салынған және салынып жатыр. Текес өзенінде 6 бас тоған, 10 арна, 1 ЖЭС, Кунес өзенінде – 4 бас тоған, 6 арна, 2 ГЭС, Каши өзенінде – 3 ГЭС бар. Су ресурстарын игеру жалғасып жатыр.

2007 жылғы ғарыштан түсірілген материалдар бойынша (В.М. Стародубцев және С.Р. Трушкавецкий), соңғы жылдары ҚХР ШҰАА-да суландырылатын жерлердің ауданы 465500 га дейін өсті. Авторлар бұл минималды сандандырылған аудан және Қытай Халық Республикасындағы суландырудың және жер пайдаланудың жоғары потенциалын ескере отырып, бұл шама көбірек те болуы мүмкін деп есептейді.



Балқаш-Алакөл бассейнінде тұрақты суландыруды орналастыру картасы

Суландыру аудандарының өсуі, сондай-ақ, Қытай аумағында су тұтынудың өсуімен де расталып отыр. Мысалға, КР АШМ Су ресурстары комитетінің бағалауы бойынша, Қытай аумағында пайдаланылатын судың көлемі 1970 жылдан бастап 1,6-дан 4 км^3 дейін өсеп түсті, бұл ретте экологиялық мақсаттарға арналған судың көлемі 5 км^3 бастап 2 км^3 дейін азайды. Тек бұлақ суларының қорлары ғана 0,9 км^3 бастап 0,4 км^3 дейін азайды. Іле өзенінен Эби-Ноор көліне ойластырылып отырған арна құрылышы және Іле суын ШҰАА онтүстігіне, Тарим өзеніне лактыру алаңдаушылық тудыруды. ҚХР ШҰАА және Қазақстан аумағындағы су шаруашылығы құрылышы Іле-Балқаш аймағындағы шөлге айналу процестеріне айтарлықтай әсерін тигізді [2].

ШҰАА Іле өзеніндегі Ямаду бекетінде су алу, шамалап алғанда, жылдық ағыстың 15 %-ынан 40 %-ына дейін, яғни 1,5-4 км^3 құрайды. Егер Ямаду жақтауындағы Іле өзенінің орташа көпжылдық ағысының 11,35 $\text{км}^3/\text{жыл}$ құрайтындығын ескеретін болсақ, бұл Іле өзенінің төменгі ағысында жағдайдың нашарлап кетуін сөзсіз тудырады. Жағдайдың дамуы ҚХР гидроэнергетикасының және КР ирригациясы мен гидроэнергетикасының режимдік қарама-қайшылықтарының күшіне түсініе алып келуі мүмкін екендігін айта кету керек. Сонымен бірге, ҚХР ШҰАА-дағы егістік алаңдардың да негізінен Іле өзенінің ортанғы және жоғарғы ағыстарында шоғырланғандығын ескермеуге болмайды [3].

Әдеби көздерді талдау аймақта суландырылатын егін шаруашылығы аудандарының тұрақты өсуі жүріп отырғандығын көрсетеді (1-кесте).

Іле өзені бассейніндегі 1.01.1986 ж. суландырылатын жерлердің ауданы 369,6 мың га, ал 2000 ж. – 299,2 мың га құрады, яғни, бассейннің Қазақстандық бөлігінде суландыру алаңдарының азауы орын алды. Аймақта су тұтынудың негізгі көзі жер бетіндегі сулар болып табылады. КР Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Су ресурстары комитетінің мәліметтері бойынша, 1992-1995 жж. жалпы су алу 3,7-4,5 км^3 құрады (2-кесте), ондағы жерасты суларының үлесі шамамен 8 % болды.

Аймақтағы жерасты сулары аса жеткіліксіз пайдаланылады. Олардың су тұтынудың жалпы көлеміндегі үлестік салмағы шамалы: 1968 жылы ол 5 % құрады, ал 1977 ж. тек 6-7 %-ға дейін артты, ал қазіргі уақытта 8 %-дан аспайды. Олар негізінен қалаларды және ауылдық елді-мекендерді сумен жабдықтау үшін, жайылымдарды суландыру үшін және азырақ шамада суландыру үшін пайдаланылады.

Іле өзенінің ортанғы ағысында Үлкен Алматы Арнасының (YAA) әсер ету аймағында, тау етегіндегі жазықтықта суландырылатын жерлерде күріш, дәндік жүгери, қант қызылшасы, темекі, көкөніс, жеміс-жидек секілді дақылдар өсіріледі. XX ғасырдың 70-ші және 80-ші жылдарына дейін массивтегі барлық суландыру жүйелері 0,5-0,4 тең өте төмен ПӘК бар, инженерлік емес болып

1-кесте – Іле-Балқаш бассейніндегі (Қазақстандық болік) суландырылатын жерлер аудандарының динамикасы, мың га

Жыл, кезең	Жоғарғы Іле СПА		Төмөнгі Іле СПА	Іле өзені бассейні бойынша жиынтық	Жетису СПА	Балқаш көлі бассейні бойынша барлығы
	жоғарғы ағыс	УАА аймағы				
1900	–	–	–	300,02	137,00	437,02
1925	–	–	–	100,64	25,00	125,64
1938	–	–	–	300,00	85,00	385,00
1945-1946	–	–	–	202,00	120,00	322,00
1961-1965	73,4	136,7	21,0	231,5	127,10	358,60
1966-1970	88,1	146,29	29,7	264,0	141,30	405,30
1976-1980	110,5	169,5	50,6	330,6	169,00	499,60
1981-1985	131,0	181,5	53,5	336,0	190,10	526,10
1986-1987	121,8	202,5	50,6	374,3	208,30	583,20
1992				327,1	290,50	617,60
1993				302,00	285,70	587,70
1994				322,0	267,00	589,00
1995	91,5	110,1	37,3	238,9	120,70	359,60
1996				274,9	234,00	508,90
1997				262,1	200,10	462,20
1999						375,40
2000	81,3	91,00	28,1	200,50	145,80	346,30

2-кесте – Іле бассейнінде жер бетіндегі көздерден суландыруға су алудың өзгеруі, км³

Жылдар											
1965	1984	1985	1987	1991	1992	1995	1996	1997	1998	1999	2000
2,16	4,18	4,18	3,90	3,67	3,27	2,90	2,59	2,38	2,38	3,06	2,31

табылды. Мұнда 152,5 мың га жер, ал УАА енгізілгеннен кейін – 317,7 мың га жер суландырылды. Массивтің төмөнгі участкесі Қапшагай су қоймасының тірек аймағында тұр және мұнда екінші қайтара тұздану процестері байқалады. Тау етегіндегі аймаққа тән ерекшелік жер бетіндегі және жер астындағы сулардың тығыз өзара әрекеттесуі болып табылады [4].

Шенгелді суландыру массиві жаңадан суландырылатын жүйе болып табылады. Массивті игеру 1978 ж. басталды. Қазіргі уақытта мұндағы суландыру ауданы шамамен 18 мың га құрап отыр, бұл жобалық шамадан асып түседе. Су массивке 9 насос станциясымен беріледі және минералдануы 1,5-2,5 г/л дейін алынған судың 85 % дейін, тиісінше су қоймасының солтүстік жағалауындағы судың минералдануын арттыра отырып, су қоймасына кері қарай құйылады.

Ақдала суландыру массиві Іле өзенінің «төмөнгі ағысында» орналасқан және 1969–1982 жж. тұрғызылған. Массив жылуды және ылғалды жақсы көретін дақыл – күріш үшін ең жақсы солтүстік аймақ болып табылады. Мұнда шамамен 30 мың га жер игерілген, олардың шамамен 14 мың га жуығы күрішке белінеді. Бұл дақылдың массив бойынша орташа өнімділігі 40 ц/га жетті [5].

Нәтижелерді талдау. Төмөнгі Іле су шаруашылығы ауданындағы суландыру жүйелеріне іс жүзінде су алудардың динамикасы (4-кесте) су ресурстарының шығындалуының әлі де болса ақталмаған, жоғары екендігін көрсетіп отыр.

Су тұтынудың орташа өлшемен нормасы шамамен 6,0 мың м³/га құрайды. Суландыру жүйелерінің ПӘК – 0,65, 0,75-0,80 тең ПӘК кезінде су тұтыну нормасының техникалық жүзеге асырылатын шегі бассейн үшін 8,4 мың м³/га тең.

1970–1992 жж. кезеңінде суландыруға су алудың жалпы шамасы орташа алғанда жыл ішінде Шығыс Балқаш өзендерінің бассейні үшін 2670 м³/га бастап 7760 м³/га дейін, Іле өзені бассейні үшін – 7700 м³/га бастап 9100 м³/га дейін ауытқиды.

4-кесте – Иле өзенінің төменгі ағыстарындағы суландырылатын алаңдардың және іс жүзінде су алуудың шамалары

Жылдар	Суландырылатын аудан, мың га	Іс жүзіндегі су алу, км ³ /жыл	Іле өзеніне су ағызулар көлемі, км ²	Іс жүзіндегі суландыру нормасы, брутто, м ³ /жыл
Ақдала массиві				
1981	25,7	0,745		28984
1982	24,0	1,13	0,113	47083
1983	26,0	1,15	0,155	44231
1984	28,0	1,26	0,193	45000
1985	29,0	1,19	0,332	41034
1986	25,7	1,10	0,362	42802
1987	27,8	1,01	0,427	36331
1988	27,8	1,04	0,415	36115
1989	31,7	1,08	0,517	34069
1990	26,0	1,12	0,418	31909
1991	25,8	–	0,345	–
1992	25,0	–	–	–
1993	25,0	–	0,284	–
Кербұлақ массиві				
1981	1,4	8,70*	–	6214
1985	1,4	8,54*	–	6100
Қарой массиві				
1981	–	–	–	–
1985	0,9	12,50*		1388

* МЛН. м³.

5-кесте. – 2000 ж. Алматы облысының аудандары бойынша тұрақты суландыру және су тұтыну аудандарының сипаттамалары

Аудандар	Суландырылатын жерлердің ауданы, мың га	Оның ішінде пайдаланылғаны, мың га	Іс жүзіндегі суарылғаны, мың га	Су көзінен су алу, млн.м ³		Су бөлү нұктелеріне су берілуі, млн.м ³		Жүйенің ПӘК	Суландыру нормасы, м ³ /га
				жоспар	нақты	жоспар	нақты		
Ақсу	37,1	26,0	26,0	210	141,4	168,5	115,6	0,82	4460
Алакөл	35,7	11,8	11,8	200	55,42	66,4	47,5	0,86	4039
Балқаш	38,9	28,1	28,1	750	699,6	562,3	427,2	0,61	15186
Жамбыл	34,2	17,5	16,7	150	96,6	55,5	47,1	0,49	2834
Іле	27,7	11,7	6,8	110	79,0	70,0	64,8	0,82	9527
Қарасай	28,2	28,0	16,4	120	56,9	52,8	36,6	0,64	2220
Көксу	32,6	29,3	29,3	200	99,1	158,5	74,3	0,75	2537
Қаратал	24,4	19,9	19,9	310	262,4	223,1	192,9	0,74	9756
Райымбек	32,2	14,4	11,4	80	29,3	32,8	20,0	0,68	1656,5
Сарқанд	31,2	23,6	23,6	286	155,7	147,8	81,8	0,53	3496
Талгар	35,7	32,1	16,3	210	95,0	132,7	84,1	0,88	5130
Ескелді	35,7	35,7	35,7	204	168,3	152,2	125,6	0,75	3536
Ұйғыр	37,6	26,6	24,7	280	160,5	132,7	111,8	0,70	4549
Еңбекпі қазақ	95,4	70,0	34,4	880	730,6	459,5	389,0	0,53	11256
Панфилов	56,4	47,8	45,2	400	351,8	294,6	294,6	0,84	6536
Жиыны:	583,0	422,5	346,3	4390	3181,5	2709,3	2112,7	0,71	5781

Ең көп су аулар күріш өсіру аймактарында жүргізіледі (Қаратал өз. бассейні – 10 470 м³/га, Ақдала суландыру массиві – 24 950 м³/га). Суландыруға су аудың мөлшері ирригациялық ағыстың жөне тиісінше, қайтарымды сулардың қалыптасуының негізгі факторы болып табылады.

Есептік кезең ішінде орташа алғанда Іле өзені бассейні үшін суландыруға берілетін судың шығындары 13,6 м³/с немесе тиісінше, жоғарғы ағыстарда 16,2 м³/с, ортанғы ағыста – 12,9 м³/с, төменгі ағыстарда – 13,6 м³/с, немесе су аулардың 57,35,-59 % мөлшерінде анықталған [6].

Алматы облысында қарастырылып отырған суландыруды көнінен дамыту тек ағысты реттеудің негізінде ғана іске асырыла алды, ейткені өзендердің ретке келтірілмеген күйдегі суландыру қабілеті таусылған десе де болады. Қазіргі уақытта облыста шамамен 350 мың га суландырылады. Тұрғындардың азық-түлікке деген және өнеркәсіптің шикізатқа деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті ауылшаруашылық өнімдерін өндіру үшін, бассейндегі суландыру ауданы шамамен 730 мың га жетуге тиіс. Осылан байланысты, энергетиканы дамытумен қатар, кешенді гидротораптар салу капитал салымдарын тиімдірек пайдаланған кезде ирригацияны және сумен жабдықтауды дамыту үшін алғышарттар жасайды.

Зерттеу жұмыстарының жасалған шағын шолуынан Қазақстанда да, Қытай Халық Республикасында да экономика салаларының дамыумен су ресурстарын пайдаланудың одан әрі артуы күтілестіндігі көрініп отыр. Демек, бассейнде шаруашылық қажеттіліктеріне су ресурстарын ауды арттыру бассейндегі экологиялық салыстырмалы түрдегі тепе-тендікті бұзуы және Балқаш көлінің бірыңғай су тоғаны ретінде жойылуына алып келуі мүмкін.

Корытынды. Осы курделі жағдайларда бірынғай табиғи-шаруашылық кешен ретінде Іле-Балқаш бассейнін сақтау бойынша ғылыми зерттеулерге көбірек көніл бөліп отыру қажет. Құқықтық, экономикалық және экологиялық механизмдерді пайдалана отырып, су ресурстарын ұтымды пайдалануға бағытталған бірқатар превентивті шаралар қолдану қажет. Бұл жұмысқа жүртшылықты, үкіметтік емес ұйымдарды және су тұтынушылардың өздерін көбірек қатыстыру керек. Үкіметтік және шаруашылық органдардың назарын экономика салаларының су ресурстарын тұтынуға теңгерімді келуімен қатар, Балқаш маңындағы жағдайды сауықтыру және Балқаш көлінің экожүйесінің ластануының алдын алу бойынша түпкілікті шешімдер қабылдау қажеттігіне тагы бір рет көніл аудару керек. Мұндай шешім: Қытай Халық Республикасымен және Қыргыз Республикасымен (Қарқара өзені) Балқаш-Алакөл бассейнінің су ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғау бойынша Халықаралық шарт жасасуды; Балқаш көлі бассейнінде толықтай гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингті қалпына келтіруді; су шаруашылығы балансындағы Балқаш көлі экожүйесінің басымдылығын; Балқаш көліне құбының ағынды сулардың экологиялық ағысын негіздеуді; ауылшаруашылық өндірісінде зиянсыз және қалдықсыз технологияларды енгізуіді; ағынды суларға ағызар алдында жергілікті тазартудың базалық элементтері ретінде коллекторлық-дренаждық суларды жинақтағыштар жасауды; ауылшаруашылық дақылдарының ауруларымен және зиянкестерімен құрестің биологиялық әдістерін енгізу тиіс.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Бурлибаев М.Ж., Достай Ж.Д., Мирхапимов И., Николаенко А.Ю. Современное состояние хозяйственной деятельности в Иле-Балхашском бассейне. Интегрированное управление водными ресурсами в Иле-Балхашском бассейне. UNDP. – Алматы, 2011. – С. 3-16.
- [2] Базарбаев А.Т., Баекенова М.К. Исследование качества воды реки Иле и изучение влияний антропогенных нагрузок на сток реки. Интегрированное и ориентированное на устойчивость управление водными ресурсами. Матиас Крамер. Потенциал сотрудничества между Германией и Центральной Азией. – Алматы, 2010. – С. 169-179.
- [3] Базарбаев А.Т., Баекенова М.К., Мамадиев Б.С. и др. Мониторинг качества воды трансграничной р. Иле // Международная научная конференция. Национальная АН Азербайджана. – Баку: ЭЛМ, 2012. – С. 672-676.
- [4] Бурлибаев М.Ж., Достай Ж.Д., Турсунов А.А. и др. Проблемы гидроэкологической устойчивости в бассейне озера Балқаш / Под ред. А. Б. Самаковой. – Алматы: Каганат, 2003. – 584 с.
- [5] Бурлибаев М.Ж., Достай Ж.Д., Турсунов А.А. и др. Современное экологическое состояние бассейна озера Балқаш / Под ред. Т. К. Кудекова. – Алматы: Каганат, 2002. – 388 с.
- [6] Бурлибаев М.Ж., Достай Ж.Д. и др. Современное экологическое состояние экосистем Иле-Балхашского бассейна. Монография / Под ред. М. Ж. Бурлибаева. – Алматы, 2009. – 100 с.

REFERENCES

- [1] Burlibaev M.Zh., Dostai Zh.D., Mirhashimov I., Nikolaenko A.Yu. The current state of economic activity in the Ile-Balkhash basin. Integrated Water Resources Management in Ile-Balkashskom pool. UNDP. Almaty. 2011, 3-16 p. (in Russ.).

- [2] Bazarbaev A.T., Baekenova M.K. The study of water quality of the river Ili and study the effects of anthropogenic pressures on river flow. Integrated and focused on sustainable water management. Matthias Kramer. The potential for cooperation between Germany and Central Asia. Almaty. 2010. P. 169-179 (in Russ.).
- [3] Bazarbaev A.T., Baekenova M.K., Mamadiyarov B.S. and others. Water quality monitoring of transboundary river Ili. International Scientific Conference. The National Academy of Sciences of Azerbaijan. Baku: Elm, 2012. P. 672-676 (in Russ.).
- [4] Burlibaev M.Zh., Dostai Zh.D., Tursunov A.A. et al. Hydroecological stability problems in the Lake Balkhash. Edited A. B. Samakova. Almaty: Kaganat, 2003. 584 p. (in Russ.).
- [5] Burlibaev M.Zh., Dostai Zh.D., Tursunov A.A., et al. The current ecological condition of lake Balkhash. Edited T. K. Kudekova. Almaty: Kaganat, 2002. 388 p. (in Russ.).
- [6] Burlibaev M.Zh., Dostai Zh.D. et al. Modern ecological ecosystems of the Ile-Balkash basin. The monograph. Edited by M. Zh. Burlibaev. Almaty, 2009. 100 p. (in Russ.).

РАСЧЕТ ВОДОПОТРЕБЛЕНИЯ И РАЗВИТИЕ ОРОШЕНИЯ В ИЛИ-БАЛХАШКОМ БАССЕЙНЕ

Б. С. Мамадиев, А. Т. Базарбаев

Казахский национальный аграрный университет, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: Или–Балхашский бассейн, поливные сельскохозяйственные угодья, низкая водообеспеченность, пойма реки.

Аннотация. Бассейн р.Иле орошался около 400 тыс. Его водно-земельные и благоприятные климатические условия позволяют развивать орошаемое земледелие и выращивать сельскохозяйственные продукты (рис, табак, фрукты, виноград), получать высокие урожаи семенной кукурузы, свеклы, кормовых трав. Фонд земель в казахстанской части бассейна, пригодных для орошения, независимо от водообеспеченности, составляет 1,5 млн. га.

Поступила 09.04.2015г.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES

ISSN 2224-526X

Volume 2, Number 26 (2015), 81 – 84

THE EFFECTIVENESS OF CHEMICAL PROTECTION OF THE APPLE-TREE FROM THE APPLE LEAF ROLLER IN THE SOUTH-EASTERN REGIONS OF KAZAKHSTAN

M. K. Sabyrkhanova, R. A. Iskendirova

Kazakh national agrarian university, Almaty, Kazakhstan

Keywords: cacoecia rosana L., Pandemis chondrillana H.-S., caterpillar, phenology, insecticide, generation.

Abstract. The article describes the methods of struggle against apple leaf roller in the South-Eastern regions of Kazakhstan

УДК 634.11:632.78(574.51)